Негізгі көрсеткіштер: - жалпы, сонымен қатар сүттегі майдың массалық үлесі; - құрғақ заттардың массалық үлесі; - қанттың массалық үлесі; - талдамалы қышқылдық; - шайқалу; - сүтсіз майдың массалық үлесі (сүттен тұратын өнімдерге арналған); - антибиотиктердің болмауы. Қосымша көрсеткіштер: - лактоза; - сүтсіз май, ақуыздың массалық үлесі (сүт құрамды өнімдерде сүтсіз май, ақуызды қолдану туралы күдік пайда болған жағдайда); - меламиннің болуы; - ГМА болуы.	ҚР СТ 1505, ГОСТ 31502, ГОСТ 31694, ГОСТ 32219, ГОСТ 32254, ГОСТ Р 21600, ГОСТ Р 52175

[1)] Көрсетілген ұлттық және мемлекетаралық стандарттармен қарастырылмаған сәйкестендіру көрсеткіштері, соның ішінде сүт, сүт құрамды және сүттен тұратын өнімдердің көрсеткіштері сүт өнімінің нақты түріне арналған техникалық құжат немесе ұйым стандарттарымен белгіленеді.

[2)] Сәйкестендіру көрсеткіштері мен сүт құрамды және сүттен тұратын өнімдерге кіретін азық өнімдерінің нақты түрлері (құрауыш бөліктері) азық өнімінің (құрауыш бөліктің) нақты түріне әсер ететін стандарттар мен нормативтік құжаттарға сәйкес анықталады.

[3)] Сүт консервілеріне арналған (сонымен қатар ГОСТ4.30 қарау).

[4)] Егер өнім 50% және одан да көп сүтсіз майдан тұрса, онда ол азық түлік өнімдеріне жатады.

[5)] Транс-изомердің құрамы жалпы май құрамынан 3% аспауы тиіс.

5.2.3.1Егер сәйкестендіру процесі барысында сүт өнімі құрамында рұқсатты түрлену

сипаттары пайда болса, онда сәйкестендіруді өткізетін қызмет шешімімен сынақ бағдарламасы кеңейтіледі, мысалы, оған 1-кестеде көрсетілмеген құрамның рұқсатты емес түрленуін толыққанды анықтау мақсатында қолданылған өзгеше көрсеткіштерді қосу жолымен кеңейтіледі: ұйытқы препараттар, ұйытқы пробиотикалық микроорганизмдер (пробиотик).

Ұйытқы препараттарды сәйкестендіру мынандай көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

- субстраттардың ерекшелігі;
- ұйытқы препараттардың белсенділігі;
- ұйытқылардың пайда болуы табиғаты.

Ұйытқылар мен пробиотикалық микроорганизмдерді (пробиотик) сәйкестендіру мынандай көрсеткіштер бойынша өткізіледі:

-микроорганизмдердің пайда болу табиғаты;

-микроорганизмдердің аталық және түрлік құрамдары;

-ұйытқы белсенділігінің бірлігі немесе бір граммдағы қабілетті жасушалардың мөлшері.

Өзгеше көрсеткіштер сынағы жетекші құжаттарды тексеру нәтижесі бойынша орындалған рұқсатты емес түрлендіру туралы қорытындыны дайындау үшін негіздеме болған жағдайда сәйкестендіруді жүзеге асыратын қызметтің шешімі бойынша өткізіледі.

Ескертпе – Түрлену анықталған жағдайда сол топтамадағы үлгілердің екі еселенген мөлшеріне зерттеу жүргізіледі.

5.3 Сынақ әдістері

Органолептикалық, физикалық химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерге, өнімде меламин мен генетикалық түзетілген объектілерді болуына сынақ (зерттеу) өткізу үшін ҚР СТ ISO 488, ҚР СТ СТБ 1315, ҚР СТ 1345, ҚР СТ 1346, ҚР СТ 1483, ҚР СТ 1732, ҚР СТ 1734, ҚР СТ 2064, ҚР СТ ISO 1211, ҚР СТ ISO 1736,ҚР СТ ISO 1740, ҚР СТ ISO 2446, ҚР СТ ISO 2450, ҚР СТ ISO 2962, ҚР СТ ISO 3356, ҚР СТ ИСО 5765 (барлық бөлімдер), ҚР СТ ISO 6090, ҚР СТ ISO 6091, ҚР СТ ISO 6611, ҚР СТ ISO 8196-3,ҚР СТ ISO 8262-2, ҚР СТ ISO 8262-3, ҚР СТ ISO 11868, ҚР СТ ISO 12081, ҚР СТ ISO 14156, ҚР СТ ISO 14673 (барлық бөлімдер), ҚР СТ ISO14891, ҚР СТ ISO 17678, ҚР СТ ISO 18329, ҚР СТ ISO 22662, ҚР СТ ISO 24276, ҚР СТ ISO 27205, ҚР СТ ГОСТР 51456, ҚР СТ ГОСТР 51457, ҚР СТ ГОСТР 51471, ҚР СТ ГОСТР 52842, ГОСТ 3624, ГОСТ 3625, ГОСТ 3626, ГОСТ 3628, ГОСТ 5867, ГОСТ 9225, ГОСТ 22760, ГОСТ 23327, ГОСТ 23452, ГОСТ 23453, ГОСТ 23454, ГОСТ 24065, ГОСТ 24066, ГОСТ 24067, ГОСТ 25101, ГОСТ 25102, ГОСТ 25179, ГОСТ 25228, ГОСТ 26754, ГОСТ 26781, ГОСТ 26928, ГОСТ 26929, ГОСТ 27709, ГОСТ 28283, ГОСТ 29245, ГОСТ 29246, ГОСТ 29247, ГОСТ 29248, ГОСТ 30305.1, ГОСТ 30305.2, ГОСТ 30305.3, ГОСТ 30305.4, ГОСТ 30562, ГОСТ 30627.1, ГОСТ 30627.2, ГОСТ 30627.3, ГОСТ 30627.4, ГОСТ 30627.5, ГОСТ 30627.6, ГОСТ 30637, ГОСТ 31079, ГОСТ 31085, ГОСТ 31086, ГОСТ 31506, ГОСТ 31633, ГОСТ ISO 21570, ГОСТ ISO21572, ГОСТР 53244, ГОСТ ISO 8069, ГОСТР 51472, ГОСТ Р 52995, ГОСТР 53761, өсімдік текті генетикалық түзетілген ДНҚ сапалы және мөлшерлі анықтау әдістері, МУК 4.1.2420-08 «Сүт және сүт өнімдеріндегі меломинді анықтау», ГОСТ Р 54756, ГОСТ Р54761, ГОСТР 55282, ГОСТР 55246, ГОСТР 55332 ұлттық және мемлекетаралық стандарттарда белгіленген сынақ әдістері қолданылады.

Өнімнің сәйкестігін бағалауды (растау) жүзеге асыру мен [4] талаптың орындалуы мен қолданылуына арналған [9] және [10] сәйкес басқа нормативтік құжаттарды қолдануға болады.

Б қосымшасында келтірілген халықаралық стандартты [8] талабы сақталған жағдайда қолдануға болады.

5.4 Қосымша ережелер

Сынақ барысында негізгі көрсеткіштер бойынша (5.2.3.1 қарау) өнім қасиетінің сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда қосымша және (немесе) өзгеше көрсеткіштер бойынша зерттеулер жүргізілмейді. Бұл жағдайда сәйкестендіруді жүзеге асыратын қызмет сәйкестендіру туралы қорытындыда (хаттамада) өнімнің ұсынылған атауға сәйкес келмейтіндігі туралы шешім шығарады.

Сынақ барысында негізгі көрсеткіштер бойынша өнім қасиетінің сәйкес келетіндігі расталса, өнімнің бұрмаланғаны туралы күдік туындаған жағдайда қосымша немесе өзгеше көрсеткіштер (1-кесте мен 5.2.3.1 қарау) бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Ескертпе – сүт өнімінің бұрмалауының негізгі түрлерінің тізімі В қосымшасында көрсетілген.

Қосымша және өзгеше көрсеткіштерді таңдау өнімнің бұрмалануының мүмкін жағдайлары туралы ақпаратты ескере отырып, жүзеге асырылады (Г қосымшасын қарау). Алынған нәтижелердің таңдалған қосымша көрсеткіштер бойынша сәйкестігі расталған жағдайда сәйкестендіру аяқталады. Сәйкестендіру нәтижелері 6-бөлімнің талаптарына сәйкес көрсетіледі. Алынған сынақ нәтижелерінің жеке қосымша көрсеткіштер немесе қосымша көрсеткіштер қосындысы бойынша сәйкес келмеген жағдайда сарапшы сәйкестендіру туралы хаттамада өнімнің көрсетілген атауға сәйкес келмейтіндігі туралы қорытынды жасайды.

Өзгеше көрсеткіштер (5.2.3.1 қарау) бойынша зерттеу нәтижелерін сарапшы мыналардан тұратын бөлек қорытынды түрінде көрсетеді:

- өзгеше көрсеткіштер бойынша өткізілген сынақ негіздемелері туралы мәлімет;
- сынақ әдісі туралы ақпарат;
- сынақ нәтижелері;
- өнімнің маңызды сипаттамасынан тұратын сәйкестендіру нәтижелері үшін қолданылған құжаттар туралы мәлімет.

Дайындаушы (жеткізуші) сәйкестікті бағалау саласында сарапшылық қызмет атқаратын ұйымның, мемлекеттік бақылау (тексеру) және (немесе) тұтынушылық бақылау қорытындысы немесе сынақ хаттамасы нысанында көрсетілген негізгі көрсеткіштер және қосымша көрсеткіштер бойынша сынақ нәтижелері туралы расталған мәліметті көрсеткен жағдайда сарапшы өзгеше көрсеткіштер бойынша және негізгі көрсеткіштер бойынша сынақ өткізуден бас тарту туралы, немесе жеке қосымша көрсеткіштер бойынша таңдаулы қайталама зерттеу туралы шешім қабылдай алады. Бұл жағдайда сәйкестендірудің жалпы нәтижесі туралы қорытынды өнімді жеткізушімен (дайындаушымен) көрсетілген расталған мәліметтер және негізгі көрсеткіштер және жеке қосымша (өзгеше) көрсеткіштер (өткізу барысында) бойынша сынақ нәтижелеріне негізделеді.

5.5 Сүт өнімін сынау

Сүт өнімдерін сынау 5.2.3.1–5.2.3.3 тармақтарында сынақты жүргізуге қойылған талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Байытылған сүт өнімдеріне сәйкестендіруді жүргізу кезінде аталмыш өнімге қосылған заттар құрамының болуын және олардың деңгейлерін және таңбаланған өнімдерде көрсетілген заттар деңгейінің сәйкестігіне анықтайды (мысалға, дәрумендерлген сүт өнімдері үшін дәрумендердің массалық үлесін анықтайды).

Глазурьленген және декорацияланған сүт өнімдеріне сәйкестендіру жүргізу кезінде, декорация үшін қолданылатын глазурь мен тағам өнімдерінің мөлшерлік көрсеткіші есепке алынбайды (вафля, шоколадты, сүтті немесе жеміс-жидекті глазурь, карамель, жаңғақ, печенье, жемістер, цукаттар, шоколад және т.б.).

Сүт өнімдерін сәйкестендіру көрсеткіштерін анықтау кезінде сол өнімді зерттеу (сынау) нәтижелерінің әділдігі мен шынайылығын қамтамасыз ететін, өлшеуді жүзеге асыратын аттестациядан өткен әдістер қолданылуы тиіс.

6 Сүт өнімдерін сәйкестендірудің жалпы нәтижесі және оның ұсынылуы

6.1 Жалпы қорытынды

Сәйкестендірудің жалпы нәтижесі зерттеу үшін сәйкестендіру көрсеткіші ретінде қабылданған маңызды белгілеріне сынау (зерттеу) және көзбен шолып қарауды жүргізу барысында анықталған өнім құрамы бірдейлігінің (сәйкестігінің) расталғаны немесе расталмағаны болып табылады. Сәйкестендірудің жалпы нәтижесіне тұтынушы үшін өнімді (ақпаратты) таңбалауға қойылатын талаптарға өнім туралы ақпараттың сәйкес келуі немесе сәйкессіздігін растау да кіреді.

Өнім құрамы мен көрсетілген маңызды белгілердің бірдейлігі сүт өнімінің дәлдігін және оның мәлімделген атауға сәйкестігін растайды.

6.2 Сәйкестендіру нәтижелерін рәсімдеу

Жалпы нәтижелерді Д қосымшасында ұсынылған нысан бойынша сәйкестендіруді жүргізу хаттамасы түрінде рәсімдейді.

Сәйкестендіруді жүзеге асыратын қызмет сәйкестендірудің жалпы нәтижелерін, өнімді сынау (зерттеу) кезінде алынған жеке нәтижелерді көрсететін тұжырымдамада ұсынады. Аталмыш тұжырымдама сипаттамалар бірдейлігінің және оның сүт өнмі атауы мен дәлділігімен байланысына қатысты бір мағыналы түсініктемеге ие, мысалға, «Өнім мәлімделген атауға сәйкес (немесе сәйкес емес)».

Тұжырымдаманың қорытындысында бірмағыналы түсіндірмесі жоқ сөйлемнің болмауына жол берілмейді, мысалға, «Өнімнің жеке көрсеткіштері келесі көрсеткіштерге сәйкес ...», «Өнім құрамында ауытқулар анықталмады ...» және т.б.

Сәйкестендіруді жүзеге асыратын қызметті жалпы сәйкестендіру нәтижелеріне қосымша ретінде, қорытындысында (хаттамасында) дәлелді түсіндірмелер келтіруге құқылы. Онда өнімді сипаттайтын нормативтік құжаттарда көрсетілген технологиялық, сұрыптық және ауыл шаруашылық сипаттағы факторлардың сүт өнімдерінің құрамына рұқсат етілгнен ықпалдармен бірге, негізгі жеке ерекшеліктер болуы мүмкін. Бұл ерекшеліктер, белгілі бір маңызды белгілер сипатының тікелей бірдейлігін орнатуға рұқсат бермей, нақты сүт өнімінің мәлімделген атауына (дәлдігіне) расталуына жол береді.

Хаттамаға сүт өніміне сәйкестендіруді жүргізетін жетекші, сарапшы немесе ұйымның (қызметтің) уәкілетті тұлғасы қол қояды және сол ұйымның мөр таңбасымен бекітеді.

Сәйкестендіруді жүзеге асырушы қызмет, сәйкестендіру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін өнім өндірушісіне және/немесе жабдықтаушысына жіберуге құқылы.

7 Тараптардың жауапкершіліктері

Бұрмаланған өнімді өндірген және айналымға шығарғаны үшін, Қазақстан Республоикасының «Тұтынушының құқықтарын қорғау туралы» Заңына, ҚР Әкімшілік кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес айыпкерге байланысты өнім өндіруші немесе сатушы жауапкершілікке тартылады

А қосымшасы
(ақпараттық)

Сүттің ақауы

А.1-кесте – Сүттің ақауы (В.А.Петровск бойынша)

Өзгеруі	Сүт ақауының себептері
Микробиологиялық әсері	
Ащы дәм	Сақтау кезінде пайда болуы мүмкін, оны шіріткіш бактериялар тобының споралы таяқшалардан пайда болады
Қышқылданған дәм	Май қышқылының, альдегидтердің, кетондардың және басқа заттардың түзілуі арқылы майдың ыдырауы нәтижесінде туындайды. Липаза ферментті бөлінетін микроағзалармен бөлінеді
Сүттің іруі	Бұл өзгерістің қоздырушысы пастерленген сүтте майлы-қышқылды бактериялар, ашытқы және ішек таяқшасы болуы мүмкін.
Сүттің қоюлануы (созылуы)	Қышқылдылық өскен кезде пайда болады, созылмалы ұйытқының пайда болуымен сүттің ашыған кезінде шырыштың пайда болуын қалыптастыра алатын кейбір сүт-қышқылды стрептококтардан және таяқшалардан пайда болады.
Тұзды сүт	Маститпен ауыратын және кәрі сиырлардың сүтінен пайда болады
Уақытынан бұрын быршу	Егер сүт қалыпты немесе жоғары қышқылды болса қайнатқан кезде қоюланады, онда ол мәйекке жақын заттекті бөліп шығаратын бактериялармен (микрококтар, маммококтар, споралы таяқшалар) тұқымдатылған.
Көк, қызыл, сары	Дақтың пайда болуына ықпал ететін микро ағзалардың, сондай-ақ қан мен бояушы заттардың бар болуымен шарттасады
Жемшөптік әсер	
Ащы дәм	Малдар ермен, аютабан және басқа да ащы дәмді

	өсімдіктерді көп жегенде пайда болады.
Жем татыған дәм	Сүтке тән емес дәмдер мен иістер малға көп мөлшерде құрамында эфирлі май бар сүрлем, тамыр жемісті өсімдіктер, сарымсақ, пияз және басқа да өсімдіктерді (әсіресе сүрленген иісті азықтарды) берген кезде пайда болады.
Технологиялық әсер	
Металл татыған дәм	Нашар қалайыланған ыдыста сүтті сақтаған және тасымалдаған кезде пайда болады
Өзге дәмдер мен иістер	Мал тұратын аулада сүтті ұзақ уақыт сақтаған кезде пайда болады, сауу кезінде сүтке қоспалардың түсуі, лас ыдысты қолдану

Б[1])қосымшасы
(ақпараттық)

Сүт өнімін сынау бойынша ISO халықаралық стандарттар тізімі

Б.1-кестеде көрсетілген стандарттардың ең соңғы басылымдарын қолдану кеңес етіледі. Қолданыстағы халықаралық стандарттар көрсеткіштерін ISO мүше елдер жүргізеді.

Б.1-кесте

Белгіленуі	Атауы
ISO488:2008*	Сүт.Май мөлшерін анықтау. Гербер Бутирометрі
ISO707:2008*	Сүт және сүт өнімдері.Сынамаларды іріктеу бойынша нұсқаулық
ISO1211:2010*	Сүт.Май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс(бақылау әдісі)
ISO1735:2004	Сырлар және балқытылған сыр. Май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс (бақылау әдісі)
ISO1736:2008*	Құрғақ сүт және сұрғақ сүт өнімдері. Май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс(бақылау әдісі)
ISO1737:2008	Зарасыздандырылған қойылтылған сүт және қант қосылған қойылтылған сүт. Май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс (бақылау әдісі)
ISO1738:2004	Сары май. Тұз мөлшерін анықтау
ISO1739:2006	Сары май. Майдың кесілу көрсеткіштерін анықтау (Бақылау әдісі)
ISO1740:2004*	Құрамында сүтті май мен сары май бар азық-түліктер. Майдың қышқылды мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO1854:2008	Іріткі-альбуминды сыр. Май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс (бақылау әдісі)
ISO2446:2008*	Сүт. Майды анықтау әдісі
ISO2449:1974	Сүт және сұйық сүтті өнімдер. Шамамен 45м/мбеті тартылатын өнімдерге арналған арсометрлер
ISO2450:2008*	Кілегей. Май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс (бақылау әдісі)
ISO2911:2004	Қант қосылған қойылтылған сүт. Сахароза мөлшерін анықтау. Поляриметриялық әдіс
ISO2920:2004	Іріткі-альбуминды сыр. Құрғақ зат мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO2962:2010*	Сырлар және балқытылған сырдан жасалған өнімдер.Жалпы фосфор мөлшерін анықтау. Молекулярлы абсорбцияның спектрометриялық әдісі
ISO3356:2009*	Сүт.Фосфатазалы сілтіні анықтау
ISO3432:2008	Сыр. Май мөлшерін анықтау. Ван Гулик әдісіне арналған бутирометр
ISO3433:2008	Сыр. Май мөлшерін анықтау. ВанГулик әдісі
ISO3594:1976	Сүтті май. Стериндердің газды сұйық хроматография әдісімен өсімдік майын анықтау (бақылау әдісі)
ISO3727-1:2001	Сары май. Ылғалдылық мөлшерін, майсыздандырылған құрғақ заттарды және майды анықтау. 1-бөлім. Ылғалдылық мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO3727-2:2001	Сары май. Ылғалдылық мөлшерін, майсыздандырылған құрғақ заттарды және майды анықтау.2-бөлім. Майсыздандырылған құрғақ заттарды және майды анықтау (бақылау әдісі)

1) [8]сәйкес өзге санаттағы стандарттарды, соның ішінде халықаралық («Алиментариус Кодекс» комиссиясының стандарттарды), өңірлік (Еуропа стандарттарды), ұлттық (Ресей, Беларусь, ТМД елдерінің өзге елдерінің стандарттарды)қолдану рұқсат етіледі.

Б.1-кестенің жалғасы

Белгіленуі	Атауы
ISO3727-3:2003	Сары май. Ылғалдылық мөлшерін, майсыздандырылған құрғақ заттарды және майды анықтау. 3-бөлім. Май мөлшерін есептеу
ISO3728:2004	Сүтті және кілегей балмұздақ. Құрғақ заттардың жалпы мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO3889:2006	Сүт және сүт өнімдері. Майды бөлім алуға арналған Можонь типті шыны сауыты үшін техникалық шарттар
ISO3890-1:2009	Сүт және сүт өнімдері. Хлорорганикалық қоспалар қалдықтарын анықтау (пестицидтер).1-бөлім. Жалпы ережелер мен экстракция әдістері
ISO3890-2:2009	Сүт және сүт өнімдері. Хлорорганикалық қоспалар қалдықтарын анықтау (пестицидтер).2-бөлім.Шикізаттан экстрактардан тазалау әдістері және растау
ISO3976:2006	Сүтті май. Қышқылдану мөлшерін анықтау
ISO5534:2004	Сырлар жәнебалқытылған сыр.Құрғақ заттардың жалпы мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO5536:2009	Жоғары майлылы сүт өнімдері. су мөлшерін анықтау.КарлаФишер әдісі
ISO5537:2004	Құрғақ сүт.Ылғалдылық мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO5538:2004	Сүт және сүт өнімдері.Сынамаларды іріктеу.Сапалық белгілері бойынша бақылау
ISO5542:1984	Сүт.Ақуыз мөлшерін анықтау. Амидо-қараны қолдану әдісі (тәжірибелік әдіс)
ISO5543:2004	Казеиндер және казеинаттар. Май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс(бақылау әдісі)
ISO5544:2008	Казеиндер. «Байланыстырылған күл» мөлшерін анықтау (бақылау әдісі)
ISO5545:2008	Мәйекті казеиндер және казеинаттар.Күл мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO5546:2010	Казеиндер және казеинаттар.рНанықтау(бақылау әдісі)
ISO5547:2008	Казеиндер. Босқышқылдылықты анықтау(бақылау әдісі)
ISO5548:2004	Казеиндер және казеинаттар.Лактоза мөлшерін анықтау. Фотометриялық әдіс
ISO5549:1978	Казеиндер және казеинаттар.Ақуыз мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO5550:2006	Казеиндер және казеинаттар.Ылғалдылық мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO5738:2004	Сүт және сүт өнімдері.Мыс мөлшерін анықтау. Фотометриялық әдіс(бақылау әдісі)
ISO5739:2003	Казеиндер және казеинаттар.Күйген бөліктер мен қоспаларды анықтау
ISO5764:2009	Сүт.Қату нүктесін анықтау. Термисторлы криоскопты қолдану әдісі(бақылау әдісі)
ISO5765-1:2002*	Балмұздақ пен балқытылған сырға арналған құрғақ сүт, құрғақ сүт қоспалары. Лактоза мөлшерінің деңгейін анықтау. 1-бөлім. Лактозаның құрамдас бөлігі ретінде глюкозаны қолданумен ферментті әдіс
ISO5765-2:2002*	Балмұздақ пен балқытылған сырға арналған құрғақ сүт, құрғақ сүт қоспалары. Лактоза мөлшерінің деңгейін анықтау. 2-бөлім. Лактозаның құрамдас бөлігі ретінде глюкозаны қолданумен ферментті әдіс
ISO5943:2006	Сырлар және балқытылған сырдан жасалған өнімдер.Хлорид мөлшерін анықтау.Потенциометриялық титрлеу әдісі
ISO6091:2010*	Құрғақ сүт.Титрленетін қышқылдықты анықтау(бақылау әдісі)
ISO6092:1980	Құрғақ сүт.Титрленетін қышқылдықты анықтау(тәжірибелік әдіс)
ISO6611:2004*	Сүт және сүт өнімдері.Ашытқының және/немесе зеңніңколония тудырушы бірліктерін есептеу.25°Стемпература кезіндегі колонияларды есептеу әдісі
ISO6730:2005	Сүт.Психротрофиялық микроағзалардың колония тудырушы бірліктерін есептеу. 6,5°Стемпература кезіндегі колонияларды есептеу әдісі

Б.1-кестенің жалғасы

Белгіленуі	Атауы
ISO6731:2010	Сүт, кілегей және қантсыз қойылтылған сүт. Құрғақ заттардың жалпы мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO6732:2010	Сүт және сүт өнімдері. Темір мөлшерін анықтау. Спектрометриялық әдіс (бақылау әдісі)
ISO6734:2010	Қант қосылған қойылтылған. Құрғақ заттардың жалпы мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO6735:1985	Құрғақ сүт.Термиялық өңдеу тобын бағалау.Термиялық өңдеу көрсеткішін анықтаудағы бақылау әдісі
ISO6785:2001	Сүт және сүт өнімдері.Salmonellaspp анықтау
ISO7208:2008	Майсыздандырылған сүт, іріткі және май суы. Май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс(бақылау әдісі)
ISO7238:2004	Сары май.Іріткінің pH анықтау.Потенциометриялық әдіс
ISO7328:2008	Сүтті балмұздақ және балмұздаққа арналған қоспалар.Май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс(бақылау әдісі)
ISO7586:1985	Сары май.сулы дисперсия көрсеткішін анықтау
ISO7889:2003	Йогурт.Ерекше микроағзаларды есептеу.37°Стемпературада микроағзалар колонияларын есептеу ідісі
ISO8069:2005	Құрғақ сүт.Сүт қышқылы мен лактаттар мөлшерін анықтау
ISO8070:2007	Сүт және сүт өнімдері.Кальций, натрий, калийжәнемагний мөлшерін анықтау. Атомды абсорбцияның спектрометриялық әдісі
ISO8086:2004	Сүт өндіретін зауыттар.Санитариялық-гигиеналық шарттар.Бақылау әдісі мен сынамаларды іріктеу бойынша ортақ нұсқаулық
ISO8156:2005	Құрғақ сүт және құрғақ сүт өнімдері.ерімейтін көрсеткішті анықтау
ISO8196-1:2009	Сүт.Сүт талдауларының баламалы әдістерінің жалпы дәлдігін анықтау және бағалау.1-бөлім. Баламалы әдістердің аналитикалық көрсеткіштері
ISO8196-2:2009	Сүт.Сүт талдауларының баламалы әдістерінің жалпы дәлдігін анықтау және бағалау.2-бөлім. Сүт зертханасында сапаны тексеру мен бақылау
ISO8196-3:2009*	Сүт.Сүт талдауларының баламалы әдістерінің жалпы дәлдігін анықтау және бағалау.3-бөлім. Сүт талдауларының баламалы сандық әдістерін бағалау және валидация хаттамасы
ISO8197:1988	Сүт және сүт өнімдері.Сынамаларды іріктеу.Сандық көрсеткіштері бойынша бақылау
ISO8260:2008	Сүт және сүт өнімдері. Хлорорганикалық пестицидтер менполихлорбифенилдерді анықтау. Электронды кірілген детектирлеумен капиллярлы газды сұйықтық хроматографияны қолдану әдісі
ISO8262-2:2005*	Сүт өнімдері және сүт негізіндегі тамақ өнімдері. Вейбулл-Бернтроптың гравиметриялық әдісімен май мөлшерін анықтау(бақылау әдісі).2-бөлім.Балмұздақ және балмұздаққа арналған қоспалар
ISO8262-3:2005*	Сүт өнімдері және сүт негізіндегі тамақ өнімдері. Вейбулл-Бернтроптың гравиметриялық әдісімен май мөлшерін анықтау(бақылау әдісі).3-бөлім. арнайы оқиғалар
ISO8552:2004	Сүт.Психротропты микро ағзаларды есептеу.21°С температурада колонияны есептеу әдісі(жеделдетілген әдіс)
ISO8553:2004	Сүт.Микро ағзаларды есептеу. 30°Стемпературада бактериологиялық ілмекті қолдану әдісі
ISO8851-1:2004	Май.Ылғалдылық мөлшерін, майсыздандырылған құрғақ заттарды және майды анықтау(тәжірибелік әдістер).1-бөлім. Ылғалдылық мөлшерін анықтау
ISO8851-2:2004	Май.Ылғалдылық мөлшерін, майсыздандырылған құрғақ заттарды және майды анықтау(тәжірибелік әдістер).2-бөлім. Құрғақ майсыздандырылған заттардың мөлшерін анқтау

Б.1-кестенің жалғасы

Белгіленуі	Атауы
ISO8851-3:2004	Май.Ылғалдылық мөлшерін, майсыздандырылған құрғақ заттарды және майды анықтау(тәжірибелік әдістер).3-бөлім. Май мөлшерін анықтау
ISO8870:2006	Сүт және сүт негізіндегі өнімдер.Коагулаза оң стафилококктармен пайда болатын термонуклездерді анықтау
ISO8967:2005	Құрғақ сүт және құрғақ сүт өнімдері.Үйілген тығыздықты анықтау
ISO8968-1:2014	Сүтжәнесүтөнімдері. Азот мөлшерін анықтау. 1-бөлім. Кьельдаль қағидасы және шикі ақуызды есептеу
ISO8968-3:2004	Сүт.Азот мөлшерін анықтау. 3-бөлім. Блоктағы дигерирлеу әдісі (полумикроэкспресс әдісі)
ISO8968-4:2001	Сүт.Азот мөлшерін анықтау. 4-бөлім.Пртеинсіз азоттың мөлшерін анықтау
ISO8968-5:2001	Сүт.Азот мөлшерін анықтау. 5-бөлім.протеинді азоттың мөлшерін анықтау
ISO9231:2008	Сүт және сүт өнімдері.Бензойды және сорбинді қышқыл мөлшерін анықтау
ISO9232:2003	Йогурт.Ерекше микро ағзаларды сәйкестендіру(лактобацилл Lactobacillusdelbrueckiisubsp,bulgaricusжәнестрептококкStreptococcus thermophilus)
ISO9233-1:2007	Сырлар, сыр қабығы жәнебалқытылған сыр.Натамицин мөлшерін анықтау. 1-бөлім. Сыр қабығына арналған молекулярлы абсорбциялық спектрометриялық әдісі
ISO9233-2:2007	Сырлар, сыр қабығы жәнебалқытылған сыр.Натамицин мөлшерін анықтау. 2-бөлім. Сырлар, сыр қабығы және балқытылған сырларға арналған хроматографияның аса тиімді сұйықтық әдісі
ISO9622:2013	Сүт және сұйық сүт өнімдері. Инфрақызыл сәулелердің орта бөлігі үшін инфрақызыл спектрометрия бойынша нұсқаулық көрсеткіштер
ISO9874:2006	Сүт.Фосфордың жалпы мөлшерін анықтау. Молекулярлы абсорбциялық спектрометрияны қолдану әдісі
ISO10932:2010	Сүт және сүт өнімдері. Энтерококкты емес сүт қышқылды бактериялар мен бифидобактерияларға арналған антибиотиктердің минималды басатын шоғырлануын (MIC) анықтау
ISO11285:2004	Сүт. Лактулоза мөлшерін анықтау. Лактулоза мөлшерін анықтау. Ферментативті әдіс
ISO11813:2010	Сүт және сүт өнімдері.мырыш мөлшерін анықтау. Отты атомды абсорбцияның спектрометриялық әдісі
ISO11814:2002	Құрғақ сүт. Термиялық өңдеу дәрежесін бағалау. Аса тиімді сұйықтықты роматография әдісі
ISO11815:2007	Сүт. Бұқа ұлтабарларының жалпы сүтті қоюлану қабілеттілігін анықтау
ISO11816-1:2013	Сүт және сүт өнімдері. Фосфатаз сілтісінің белсенділігін анықтау. 1-бөлім.Сүт және сүт сусындарына арналған флуориметриялық әдіс
ISO11816-2:2003	Сүтжәнесүтөнімдері. Фосфатаз сілтісінің белсенділігін анықтау.2-бөлім.Сырға арналған флуорометриялық әдіс
ISO11865:2009	Тез ерігіш қаймағы алынбаған құрғақ сүт. Ақ дақтар санын анықтау(ерігіш көрсеткіші).
ISO11866-1:2005	Сүт және сүт өнімдері. Болжамды мөлшерді есептеуEscherichiacoli(ішек таяқшасы).1-бөлім. 4-метилумбеллиферил-бета-D- глюкуронида(MUG) қолданумен ең ықтимал мөлшерді есептеу әдісі
ISO11866-2:2005	Сүт және сүт өнімдері.Болжамды мөлшерді есептеуEscherichiacoli(ішек таяқшасы).2-бөлім. Мембраналарды қолданумен 44°Стемпературада колонияларды есептеу әдісі

Б.1-кестенің жалғасы

Белгіленуі	Атауы
ISO11868:2007*	Өңделуден өткен сүт. Лактулоза мөлшерін анықтау. Хроматографияның аса тиімді сұйықтық әдісі
ISO/TS 11869:2012	Қышқыл сүтті өнімдер. Титрленетін қышқылдықты анықтау. Потенциометриялық әдіс
ISO11870:2009	Сүт және сүт өнімдері. Май мөлшерін анықтау.Бутирметрлерді қолданумен әдістерді пайдалану бойынша жалпы нұсқаулық
ISO12078:2006	Құрғатылған сүтті май. Газды сұйық хроматографияның стериндер мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO12080-1:2009	Құрғатылған құрғақ сүт.А дәруменінің мөлшерін анықтау. 1-бөлім. Колориметриялық әдіс
ISO12080-2:2009	Құрғатылған құрғақ сүт.А дәруменінің мөлшерін анықтау. 2-бөлім. Хроматографияның аса тиімді сұйықтықты қолдану әдісі
ISO12081:2010*	Сүт.Кальций мөлшерін анықтау.Титриметрия әдісі
ISO12082:2006	Балқытылған сырлар және балқытылған сырлар негізіндегі өнімдер. Лимон қышқылына қайта есептеуде қосылған pH қышқылдағыштар мен реттегіштер және цитратты эмульгаторлар мөлшерін есептеу
ISO13366-1:2008	Сүт.Соматикалық жасушаларды есептеу.1-бөлім. Микроскоп қолдану әдісі(бақылау әдісі)
ISO13366-2:2006	Сүт.Соматикалық жасушаларды есептеу.2-бөлім.Флуороптоэлектронды есептегіштердің жұмысы бойынша нұсқаулық
ISO13559:2002	Май,мацондар және жаңа піскен сыр.Ластағыш микро ағзалар санын есептеу. 30°Стемпературада микроағзалар колонияларды есептеу әдісі
ISO13580:2005	Йогурт.Құрғақ заттардың жалпы мөлшерін анықтау(бақылау әдісі)
ISO13875:2005	Табиғи сүт.Қышқылда еріген бета-лактоглобулин мөлшерін анықтау.Мәлімделген кезеңділікпен хроматографияның аса тиімді сұйықтық әдісі
ISO13969:2003	Сүт және сүт өнімдері.Микробты баяулатқышты қолданумен сынақтың қалыпты сипаттамасы бойынша нұсқаулық
ISO14156:2001*	Сүт және сүт өнімдері.Липид экстракциялары мен май ерітінді қоспалар әдістері
ISO14377:2002	Консервіленген қойылтылған сүт. Қалайы болуын анықтау. Графиттен істелген пешті қолданумен атомды абсорбциялық спектрометрия әдісі
ISO14378:2009	Сүт және құрғақ сүт.Йодидтың болуын анықтау. Жоғары рұқсат етілген сұйық хроматографияны қолдану әдісі
ISO14461-1:2005	Сүт және сүт өнімдері.Микробиологиялық зертханаларда сапаны бақылау.1-бөлім. Колония есебін іске асыратын химиктер мен зертханашылар жұмысының сапасын бағалау
ISO14461-2:2005	Сүт және сүт өнімдері.Микробиологиялық зертханаларда сапаны бақылау.2-бөлім. параллельді орналасқан тілімшідегі колонияны есептеу дәлдігін анықтау және сұйылтудың келесі кезеңдері
ISO14501:2007	Сүт және құрғақ сүт.М1афлатоксин болуын анықтау. Иммуноаффиндіхроматографиямен тазалау жәнехроматографияның аса тиімді сұйықтық көмегімен анықтау
ISO14637:2004	Сүт.Несепнәрінің болуын анықтау. pH айырмашылықты қолданумен ферментативті әдіс(бақылау әдісі)
ISO14673-1:2004*	Сүт және сүт өнімдері.Нитраттар мен нитриттер болуын анықтау.1-бөлім. Кадмий және спектрометриямен қалпына келтіруді қолдану әдісі
ISO14673-2:2004*	Сүт және сүт өнімдері.Нитраттар мен нитриттер болуын анықтау. 2-бөлім. Ағынның бөлінуін қолдану әдісі(тәжірибелік әдіс)

Б.1-кестенің жалғасы

Белгіленуі	Атауы
ISO14673-3:2004*	Сүт және сүт өнімдері. Нитраттар мен нитриттер болуын анықтау. 3-бөлім. Кадмиймен қалпына келтіру және сұйықтықты ағындық диализбен бүркіп талдау арқылы анықтау әдісі (тәжірибелік әдіс)
ISO14674:2005	Сүт және құрғақ сүт. М1 афлатоксин мөлшерін анықтау. Иммундық-аффинді хроматография әдісімен тазарту және жұқа қабатты хроматография арқылы анықтау
ISO14675:2003	Сүт және сүт өнімдері. Бәсекеге қабілетті иммундық-ферментті талдауларды стандарттаған сипаттау бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулар. М1 афлатоксин мөлшерін анықтау
ISO14891:2002*	Сүт және сүт өнімдері. Азоттың мөлшерін анықтау. Дюмас әдісіне сәйкес жағуды қолданатын тәжірибелік әдіс
ISO14892:2002	Майы алынған құрғақ сүт. Аса тиімді сұйықтықтық хроматографияны қолданып D дәруменінің мөлшерін анықтау
ISO15174:2002	Сүт және сүт өнімдері. Микробты коагулянттар. Сүттің қоюлану қарқындылығын анықтау
ISO15322:2005	Құрғақ сүт және құрғақ сүт өнімдері. Олардың күйін ыстық кофеде анықтау (Кофе тесті)
ISO15323:2002	Құрғақ сүт ақуызынан жасалған өнімдер. Азоттың ерігіштік коэффициентін анықтау
ISO15648:2004	Май. Тұз мөлшерін анықтау.Потенциометрлік әдіс
ISO15884:2002	Сүт майы. Май қышқылдарының күрделі метил эфирлерін дайындау
ISO15885:2002	Сүт майы. Газ-сұйықтықты хроматография әдісімен май қышқылдарының құрамын анықтау
ISO16305:2005	Май. Тығыздықты анықтау
ISO17129:2006	Құрғақ сүт. Натрий додецилсульфатымен (SDS-CE) капилляр электрофорез арқылы соя және бұршақ ақуызының мөлшерін анықтау.Елеу әдісі
ISO17189:2003	Май, азықтық май эмульсиялары және паста тәріздес тоң майлар. Май мөлшерін анықтау (базалық әдіс)
ISO17678:2010*	Сүт және сүт өнімдері. Газды хроматография әдісімен триглицеридті талдау көмегімен тоң майдың тазалығын анықтау (бақылау әдісі)
ISO17792:2006	Сүт, сүт өнімдері және мезофильді ашытуға арналған дақылдар. Сүт қышқылының цитрат-ферменттейтін бактерияларын санау. 25°С температурасында колонияларды санау әдісі
ISO17997-1:2004	Сүт. Казеинді азот мөлшерін анықтау. 1-бөлім. Жанама әдіс (бақылау әдісі) (термикалық өңдеу)
ISO17997-2:2004	Сүт. Казеинді азот мөлшерін анықтау. 2-бөлім. Тура әдіс (термикалық өңдеу)
ISO18252:2006	Құрғатылған сүт майы. Газды-сұйықтықтық хроматография әдісімен стеринді құрамын анықтау (стандартты әдіс)
ISO18329:2004*	Сүт және сүт өнімдері. Фурозиннің мөлшерін анықтау. Жоғары рұқсат етуі бар ионжұпты кері фазалы сұйықтық хроматография әдісі
ISO18330:2003	Сүт және сүт өнімдері. Бактерияға қарсы қалдықтарды анықтауға арналған иммунологиялық немесе рецепторлы талдауларды стандартты сипаттау бойынша басшылыққа алынатын нұсқаулар
ISO20128:2006	Сүт өнімдері. Іріктемелі ортада Lactobacillusacidophilus лактобациллдердің болжалды мөлшерін санау. 37°С температурасында колонияларды санау әдістемесі

Б.1-кестенің жалғасы

Белгіленуі	Атауы
ISO 20541:2008	Сүт және сүт өнімдері. Нитрат мөлшерін анықтау. Грисс реакциясынан кейін ферментті қалпына келтіру және молекулалық-сіңіру спектрометрияны қолданатын әдіс
ISO21187:2004	Сүт. Бактериологиялық сапаны мөлшерлік анықтау. Тәжірибелік және базалық әдістер арасындағы нәтижелерді тексеру мен тәуелділік жөніндегі нұсқаулық
ISO21543:2006	Сүт өнімдері. Жуық инфрақызыл аумақта спектрометрияны қолдану жөніндегі нұсқаулық
ISO22160:2007	Сүт және сүт сусындары. Сілті фосфатазаның белсенділігін анықтау. Фотобелсенді энзимді жүйені (EPAS) қолданатын әдіс
ISO22662:2007*	Сүт және сүт өнімдері. Аса тиімді сұйықтықтық хроматография арқылы лактоза мөлшерін анықтау (бақылау әдісі)
ISO22935-1:2009	Сүт және сүт өнімдері. Органолептикалық талдау. 1-бөлім. Бағалаушыларды қабылдау, іріктеу, оқыту және бақылау жөніндегі жалпы нұсқаулық
ISO22935-2:2009	Сүт және сүт өнімдері. Органолептикалық талдау. 2-бөлім. Органолептикалық бағалаудың ұсынбалы әдістері
ISO22935-3:2009	Сүт және сүт өнімдері. Органолептикалық талдау. 3-бөлім. Ұпайларды санау арқылы өнімнің органолептикалық қасиеттерінің спецификацияларға сәйкестігін бағалау әдісі жөніндегі нұсқаулық
ISO23058:2006	Сүт және сүт өнімдері. Қозы мен лақтардың мәйек ферменттері. Сүттің жалпы қоюлану белсенділігін анықтау
ISO23065:2009	Байытылған сүт өнімдерінен жасалған сүт майы. Газды-сұйықтықтық хроматография әдісімен омега-3 және омега-6 май қышқылдарының мөлшерін анықтау
ISO26323:2009	Сүт өнімдері. pH(CpH) үздіксіз өлшеу арқылы сүт дақылдарының қышқылдандыратын белсенділігін анықтау
ISO26462:2010	Сүт. Лактоза мөлшерін анықтау. pH айырмасын қолданатын ферментті әдіс
ISO27205:2010*	Ашығансүтөнімдері. Бактериалдықашытқылар. Бірдейлік стандарты
ISO29981:2010	Сүт өнімдері. Бифидобактериялардың болжалды мөлшерін санау. 37°C температурасында колонияларды санау әдістемесі
ISO/TS 2963:2006	Сырлар және балқытылған сырлар. Лимон қышқылының мөлшерін анықтау. Ферментті әдіс
ISO/TS 6090:2004*	Сүт және құрғақ сүт, май суыжәнеұнтақ май суы, сарысужәнеұнтақсарысу. Фосфатаза белсенділігінанықтау
ISO/TS 6733:2006	Сүт және сүт өнімдері. Қорғасын мөлшерін анықтау. Графитті пешті қолданатын атомдық сіңірудің спектрометриялық әдісі
ISO/TS 9941:2005	Сүт және консервіленген қойылтылған сүт. Қалайы мөлшерін анықтау. Спектрометриялық әдіс
ISO/TS 11059:2009	Сүт және сүт өнімдері. Pseudomonasspp мөлшерін санау әдісі
ISO/TS 17837:2008	Балқытылған сыр өнімдері. Азот мөлшерін анықтау және шикі ақуыз мөлшерін есептеу.Къельдаль әдісі
ISO/TS 17996:2006	Сырлар. Жылжудың тұрақты жылдамдығында бір осьті қысу арқылы реологиялық қасиеттерді анықтау
ISO/TS 22964:2006	Сүт және сүт өнімдері. Enterobactersakazakii бактерияларын анықтау
ISO/TS 26844:2006	Сүт және сүт өнімдері. Бактерияға қарсы қалдықтардың мөлшерін анықтау. Тұтікшедегі диффузия әдісі
ISO/TS 27105:2009	Сүт және сүт өнімдері.HPLC әдісімен тауық жұмыртқасының ақ лизосомасын анықтау
ISO/TS 27106:2009	Сырлар. LC-MS және LC-MS-MSәдістерімен А низиннің мөлшерін анықтау

Б.1-кестенің соңы

Белгіленуі	Атауы
ISO/TS 27265:2009	Құрғақ сүт. Термофильді бактериялардың ерекше терморезистентті спораларын санау

Ескертпе –ISO халықаралық стандарттары [8] сәйкес қолданылады. Олардың аудармаларын Техникалық реттеу және метрология комитетінің «ҚазСтИн» РМК Техникалық регламенттер және стандарттардың мемлекеттік қорында сатып алуға болады.

- Бірдей ұлттық стандарт бар.

В қосымшасы
(ақпараттық)

Бұрмаланған сүт өнімдерін жасаудың негізгі түрлерінің тізімі

Бұрмаланған сүт өнімдерін жасаудың негізгі түрлерінің тізімі В.1-кестесінде берілген.

В.1-кесте

№	Өнім түрі	Бұрмаланған өнім жасау тәсілі	Шынайылық критерийлері*
1	Шикі сүт және шикі кілегей	Тамақ құнарлылығының төмендеуі	Майдың массалық үлесі –ГОСТ 29247 бойынша Ақуыздың массалық үлесі – ГОСТ 23327 бойынша Моно- және дисахаридтердің мөлшері – ГОСТ 29248 бойынша Қату температурасы – ГОСТ 25101 бойынша Сүттің сарысу ақуыздарының құрамы – ГОСТ Р 54756 бойынша
		Бейтараптаушы заттарды қолдану	Аммиактың, сутек тотығының, соданың мөлшері – ГОСТ 24065, ГОСТ 24066, ГОСТ 24067 бойынша
		Шикізаттың сүтті емес түрлерін қолдану, өсімдік майларын қосу	Өнімнің майлы бөлігінің майлы-қышқылды құрамы – ГОСТ Р 51483, ГОСТ Р 52253 бойынша β-ситостериннің, кампестериннің, стигмастериннің және брассикастериннің мөлшерлік құрамы – ГОСТ Р 51471 бойынша
		Қосындыларды қолдану	Қосындылардың болмауы– ГОСТ 31504-2012 бойынша
		Бұрмаланған ақуызды азотты жасау (меламинді қолдану)	Меламиннің болмауы – ӘН 4.1.2420
2	Ішуге арналған сүт және ішуге арналған кілегей	Тамақ құнарлылығының төмендеуі	Майдың массалық үлесі – ГОСТ 29247 бойынша Ақуыздың массалық үлесі – ГОСТ 23327 бойынша Моно- және дисахаридтердің мөлшері – ГОСТ 29248 бойынша Қату температурасы – ГОСТ 25101 бойынша Сүттің сарысу ақуыздарының құрамы – ГОСТ Р 54756 бойынша
		Бейтараптаушы заттарды қолдану	Аммиактың, сутек тотығының, соданың мөлшері –ГОСТ 24065, ГОСТ 24066, ГОСТ 24067 бойынша
		Шикізаттың сүтті емес түрлерін қолдану, өсімдік майларын қосу	Өнімнің майлы бөлігінің майлы-қышқылды құрамы – ГОСТ Р 51483, ГОСТ Р 52253 бойынша β-ситостериннің, кампестериннің, стигмастериннің және брассикастериннің мөлшерлік құрамы – ГОСТ Р 51471 бойынша
		Термикалық өңдеудің болмауы	Фосфатазаға сынама–ГОСТ 3622 бойынша
		Қосындыларды қолдану	Қосындылардың болмауы– ГОСТ 31504-2012 бойынша
		Бұрмаланған ақуызды азотты жасау (меламинді қолдану)	Меламиннің болмауы– ӘН 4.1.2420 бойынша

В.1-кестенің жалғасы

№	Өнім түрі	Бұрмаланған өнім жасау тәсілі	Шынайылық критерийлері*
3	Сұйық қышқыл сүтті өнімдер	Тамақ құнарлылығының төмендеуі	Майдың массалық үлесі – ГОСТ 29247 бойынша Ақуыздың массалық үлесі – ГОСТ 23327 бойынша Моно- және дисахаридтердің мөлшері – ГОСТ 29248
		Шикізаттың сүтті емес түрлерін қолдану, өсімдік майларын қосу	Өнімнің майлы бөлігінің майлы-қышқылды құрамы – ГОСТ Р 51483, ГОСТ Р 52253 бойынша β-ситостериннің, кампестериннің, стигмастериннің және брассикастериннің мөлшерлік құрамы – ГОСТ Р 51471 бойынша
		Қосындыларды қолдану	Қосындылардың болмауы
		Бұрмаланған ақуызды азотты жасау (меламинді қолдану)	Меламиннің болмауы – ӘН 4.1.2420 бойынша
		Ашытуға арналған микроағзалардың түр құрамына және мөлшеріне сәйкес келмейтін ашытуға арналған дақылдарды қолдану	Ашытуға арналған микрофлораның түр құрамын растау, ашытуға арналған микрофлорада микроағзалардың мөлшерлік құрамы –ГОСТ 10444.11-2013, ГОСТ Р 52687-2006 бойынша Органикалық қышқылдардың құрамы –ГОСТ ISO 8069 бойынша
4	Ірімшік және ірімшік өнімдері	Тамақ құнарлылығының төмендеуі	Майдың массалық үлесі–ГОСТ 29247 бойынша Ақуыздың массалық үлесі –ГОСТ 23327 бойынша Моно- және дисахаридтердің мөлшері – ГОСТ 29248 бойынша
		Шикізаттың сүтті емес түрлерін қолдану, өсімдік майларын қосу	Өнімнің майлы бөлігінің майлы-қышқылды құрамы – ГОСТ Р 51483, ГОСТ Р 52253 бойынша β-ситостериннің, кампестериннің, стигмастериннің және брассикастериннің мөлшерлік құрамы – ГОСТ Р 51471 бойынша
		Бұрмаланған ақуызды азотты жасау (меламинді қолдану)	Меламиннің болмауы – ӘН 4.1.2420 бойынша
		Өнімнің түр сипаттамасының өзгеруі	Органикалық қышқылдың құрамы – ГОСТ ISO 8069 бойынша
5	Қаймақ және оның негізінде жасалған өнімдер	Тамақ құнарлылығының төмендеуі	Майдың массалық үлесі –ГОСТ 29247 бойынша Ақуыздың массалық үлесі –ГОСТ 23327 бойынша Құрғақ майы алынған заттардың массалық үлесі Моно- және дисахаридтердің мөлшері – ГОСТ 29248 бойынша

В.1-кестенің жалғасы

№	Өнім түрі	Бұрмаланған өнім жасау тәсілі	Шынайылық критерийлері*
		Шикізаттың сүтті емес түрлерін қолдану, өсімдік майларын қосу	Өнімнің майлы бөлігінің майлы-қышқылды құрамы – ГОСТ Р 51483, ГОСТ Р 52253 бойынша β-ситостериннің, кампестериннің, стигмастериннің және брассикастериннің мөлшерлік құрамы – ГОСТ Р 51471 бойынша
		Қосындыларды қолдану	Қосындылардың болмауы – ГОСТ 31504-2012 бойынша
		Бұрмаланған ақуызды азотты жасау (меламинді қолдану)	Меламиннің болмауы – ӘН 4.1.2420 бойынша
6	Сиыр сүтінен жасалған май	Тамақ құнарлылығының төмендеуі	Майдың массалық үлесі –ГОСТ 29247 бойынша Моно- және дисахаридтердің мөлшері – ГОСТ 29248 бойынша
		Шикізаттың сүтті емес түрлерін қолдану, өсімдік майларын қосу	Өнімнің майлы бөлігінің майлы-қышқылды құрамы – ГОСТ Р 51483, ГОСТ Р 52253 бойынша β-ситостериннің, кампестериннің, стигмастериннің және брассикастериннің мөлшерлік құрамы – ГОСТ Р 51471 бойынша
		Қосындыларды қолдану	Қосындылардың болмауы – ГОСТ 31504-2012 бойынша
		β-каротиннен басқа, тамақ бояғыш заттарды қолдану	β-каротиннен басқа, тамақ бояғыш заттардың болуы – ГОСТ 25101 бойынша
7	Сыр және сыр өнімдері	Тамақ құнарлылығының төмендеуі	Майдың массалық үлесі – ГОСТ 29247 бойынша Ақуыздың массалық үлесі – ГОСТ 23327 бойынша Моно- және дисахаридтердің мөлшері – ГОСТ 29248 бойынша
		Шикізаттың сүтті емес түрлерін қолдану, өсімдік майларын қосу	Өнімнің майлы бөлігінің майлы-қышқылды құрамы – ГОСТ Р 51483, ГОСТ Р 52253 бойынша β-ситостериннің, кампестериннің, стигмастериннің және брассикастериннің мөлшерлік құрамы – ГОСТ Р 51471 бойынша
		Бұрмаланған ақуызды азотты жасау (меламинді қолдану)	Меламиннің болмауы – ӘН 4.1.2420 бойынша
		Өнімнің түр сипаттамасының өзгеруі	Органикалық қышқылдың құрамы – ГОСТ ISO 8069 бойынша
8	Сүт консервілері, қойылтылған сүт	Тамақ құнарлылығының төмендеуі	Майдың массалық үлесі – ГОСТ 29247 бойынша Ақуыздың массалық үлесі – ГОСТ 23327 бойынша Моно- және дисахаридтердің мөлшері – ГОСТ 29248 бойынша

В.1-кестенің соңы

№	Өнім түрі	Бұрмаланған өнім жасау тәсілі	Шынайылық критерийлері*
		Шикізаттың сүтті емес түрлерін қолдану, өсімдік майларын қосу	Өнімнің майлы бөлігінің майлы-қышқылды құрамы – ГОСТ Р 51483, ГОСТ Р 52253 бойынша β-ситостериннің, кампестериннің, стигмастериннің және брассикастериннің мөлшерлік құрамы – ГОСТ Р 51471 бойынша
		β-каротиннен басқа, тамақ бояғыш заттарды қолдану	β-каротиннен басқа, тамақ бояғыш заттардың болуы – ГОСТ 25101 бойынша
		Қосындыларды қолдану	Қосындылардың болмауы – ГОСТ 31504-2012 бойынша
		Қойылтылған тәттілендірілмеген сүтте декларацияланбаған фруктоза, сахароза мен глюкозаны және тәттілендіргіштерді қолдану	Фруктоза, сахароза, глюкоза, тәттілендіргіштердің болмауы – ГОСТ Р 51258, ГОСТ Р 51259, ГОСТ Р 30305.2, ГОСТ Р 51469, ГОСТ Р 29248 бойынша
		Бұрмаланған ақуызды азотты жасау (меламинді қолдану)	Меламиннің болмауы – ӘН 4.1.2420 бойынша

*Май мен ақуыздың массалық үлестерінің мөлшерін бағалаған кезде орау қағазында белгіленген дайын өнімнің тамақ құнарлылығы көрсеткіштерінің тамақ құнарлылығының көрсеткішінің іс жүзіндегі мәндерінен жол берілетін ауытқу шектерін ескерген жөн.

Г қосымшасы
(ақпараттық)

Бұрмаланған сүт өнімін жасауды анықтауға арналған сәйкестендіру. Шетел мемлекеттерінің, ТМД елдерінің және Қазақстанның тәжірибесі

Бұрмаланған сүт өнімдерін жасау оқиғаларын белгілеу мақсатында [4] сәйкес сынақтар жүргізіледі (1-2 тарауларды қараңыз).

Қазақстанда сұрыптамалық бұрмаланған сүт жасау өте сирек кездеседі, себебі отандық өнеркәсіп өндіретін сүттің негізгі түрі сиыр сүті болып табылады.Бие (құмыс) және түйе (шұбат) сүтінен жасалған сүт өнімдерін (олардың бағасы сиыр сүтімен салыстырғанда жоғары болады) өнеркәсіптік шығару оларды жасанды жолмен жасауға алғышарттарды туғызады. Оны анықтау үшін құрамды зерттеу әдістерін әзірлеу қажет болады, себебі сиыр және бие (түйе және т.б.) сүттері мөлшерлік және сапалық құрамы бойынша елеулі түрде ерекшеленеді (Г.1 және Г.2-кестелерін қараңыз).

Г.1-кесте – Шикі сиыр сүтін және майы алынған сиыр сүтін сәйкестендіру көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Параметрлер	
	Шикі сүт	Шикі майы алынған сүт
Майдың массалық үлесі, %	2,8- 6,0	0,5 артық емес
Ақуыздың массалық үлесі, %	2,8 кем емес	
Сүттің құрғақ майы алынған заттарының массалық үлесі, % *	8,0 кем емес	
Қышқылдық, °Т	16,0 – 21,0	
Тығыздық, кг/м^3,кем емес	1027,0 (20 °С температурада және майдың массалық үлесі 3,5 % болған жағдайда)	1030,0–жоғары сұрып үшін, 1029,0–бірінші және екінші сұрыптар үшін (20 °С температурада)
Қату температурасы, Цельсий градустары (бұрмаланған өнім жасауға құдіктенген кезде қолданылады),жоғары емес	-0,520	-

*Сүттің негізгі физикалық көрсеткіштерін есептеу келесі формула бойынша орындалады:

СОМО= 0,25×А+ 0,225×Ж+ 0,5,бұл жерде А–лактоденситометр бойынша тығыздық; Ж– шикі сүттегі майдың массалық үлесі,%.

Г.2-кесте – Ауыл шаруашылық жануарларының басқа түрлерінің шикі сүтін сәйкестендіру көрсеткіштері

Жануарлар түрі	Сүттің құрамдас бөліктерінің мөлшері, %*					20 °С температурадағы тығыздық, кем емес	Қышқылдық, °Т, артық емес
	май	ақуыз	лактоза	Құрғақ заттар, орташа	Минералды заттар, кем емес		
Ешкі	2,8-5,5	2,8-3,8	4,4-4,6	13,4	0,8	1027 - 1030	14 -20
Қой	6,2-7,2	5,1-5,7	4,2-6,6	18,5	0,9	1034	25,0
Бие	1,8-1,9	2,1-2,2	5,8-6,4	10,7	0,3	1032	6,5
Түйе	3,0-5,4	3,8-4,0	5,0-5,7	15,0	0,7	1032	17,5
Қодас	7,5-7,7	4,2-4,6	4,2-4,7	17,5	0,8	1029	17,0
Есек	1,2-1,4	1,7-1,9	6,0-6,2	9,9	0,5	1011	6,0

*Жеке сауу кезінде түрлі тұқымды жануарлардан алынған сүтті сәйкестендіру көрсеткіштерінің мәндері одан кең шектерде түрлене алады.

Кейбір елдерде (Үндістан, Америка) сүтті сұрыптамалық сәйкестендіру мәселесі өзекті болып табылады. Американда қысқа тізбектері бар май қышқылдарын ^{13}С-ЯМР-спектроскопия әдісімен сиыр, ешкі, қой және қодас сүттерін ажырату әдістемесі әзірленген (триглицеридтердің 14 ацильді тобын талдаудың негізінде).

Сапасы жағынан бұрмаланған сүтті жасау айтарлықтай кеңінен таралған:

а) сүт құрамын келесілердің салдарынан өзгерту:

- кілегейді алып тастау;
- сүтті сумен араластыру;
- «синтетикалық (соялық) сүтті» қосу (Үндістанға тән бұрмаланған өнім жасау тәсілі).

«Синтетикалық сүт» түсі мен консистенциясы бойынша сиыр сүтіне ұқсас несепнәр, қант, тұз, сода, өсімдік майы, детергент пен судың қоспасы болып табылады.

б) сода, NH_4OH, несепнәр–ұйытқыларын енгізу.

